



## **Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы Телжан ауылдық округі Көбенсай ауылының атауы жоқ көшелеріне атау беру туралы**

Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы Телжан ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 26 сәуірдегі № 9 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 27 сәуірде № 7355 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік - аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабы 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 2 тармағына сәйкес, 2020 жылғы 29 желтоқсандағы облыстық ономастикалық комиссиясының қорытындысы негізінде, ауыл тұрғындарының пікірін ескере отырып, Телжан ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қоса беріліп отырған схемалық картаға сәйкес, Телжан ауылдық округінің Көбенсай ауылының келесі атауы жоқ көшелеріне атаулар берілсін:

№1 атауы жоқ көше – Абылай хан көшесі;

№2 атауы жоқ көше – Абай көшесі.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Телжан ауылдық округінің әкімі*

*С. Утигенова*


Телжан ауылдық округінің әкімі

2021 жылғы 26 сәуірдегі

№ 9 шешіміне

қосымша

**Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы Телжан ауылдық округі Көбенсай ауылының атауы жоқ көшелеріне атау беру туралы схемалық картасы**



© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК